

КОНЦЕПТИНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ ОЙ-БЕЙНЕЛЕР ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Кез келген тілдік бірлік секілді концептінің де өзіне тән құрылымы мен жүйесі бар. Оның құрылымы туралы ойлар зерттеушілерді когнитивті зерттеулердің бас кезінде-ақ толғандырған. Тіл білімінде ғалымдар концептінің негізгі құрылымдық компоненттеріне түрліше сипаттама береді. Жалпы концептінің құрылымы өте күрделі болып табылады. Ең алдымен оған түсінікті қалыптастыратын ұғымдық бірліктер кіреді, екіншіден оның негізгі мазмұнын айқындайтын, мәдениет факторы екендігін дәлелдейтін бастапқы формасы жатады. Мысалы, орыс ғалымы Ю.С.Степанов өз зерттеуінде концептінің баршаға мәлім белгілі мәнін, жеке тілдік тұлғаға ғана тән ерекшеліктерін және тарихи, этимологиялық негізін көрсетсе, ал С.Г.Воркачев концептінің тілдің лексика-граммтикалық жүйесінде оның нақты орнын айқындайтын ұғымдық (белгілік құрылымы), бейнелілік (когнитивті метафоралар) және этимологиялық ассоциативтік сипатын көрсетеді. Ғалым В.А.Маслова өз еңбегінде «концепт объективті және субъективті әлемнің жекелей белгілерінен тұрады», - деп көрсетеді. Соған сәйкес оларды жеке тұлғалық (каляка-маляка – қорқынышты жағдай туралы), жастық (бақыт, қуаныш) және жалпы ұлттық (орыс мәдениетіндегі – жан, Отан, қайғы, мұң) деп бөледі. Ғалымның пайымдауынша, «концепті көп қабатты құрылымнан тұрады, бұл құрылымдар оның әр кезеңдегі тілдік көрінісінен хабар береді», осыған орай ғалым өз еңбегінде концептінің мынадай ерекше құрылымын жіктеп көрсетеді:

1) негізгі белгісі (актуалды);

2) қосымша белгісі (пассив, тарихи);

3) ішкі формасы. Ішкі форма дегеніміз – концептінің этимологиялық негізі [1, 536]. Сол себепті ғалым концептіні – көп қырлы құбылыс деп есептеп, күрделі менталды құрылым ретінде оның компоненттеріне мағыналы мазмұнмен қатар, адамның белгілі бір субъект пен объектіге қатысты көзқарасын да жатқызады. Осындай ой қорытқан ғалым концептілерді былай деп жіктейді:

1) жалпыадамзаттық немесе универсалды концептілер;

2) белгілі бір мәдени ортадағы адамның өміріне негізделген ұлттық-мәдени концептілер;

3) адамның белгілі бір әлеуметтік ортаға қатысын білдіретін әлеуметтік концептілер;

4) тілдік тұлғаның белгілі бір жастық және жыныстық топқа қатысын білдіретін концептілер;

5) жеке құндылықтар (білім, тәрбие, жеке іс-тәжірибесі, психо-физиологиялық ерекшеліктер) негізінде қалыптасатын жеке тұлғалық концептілер [1, 556]. Ал дәстүрлі когнитивті лингвистика бірліктері (фрейм, сценарий, скрипт) нақты құрылымы айқындалғандықтан, концептінің үлгісін жасауда қолданылады.

И.А.Стернин мен З.Д.Попова сынды ғалымдар концептіге қатысты көптеген көзқарастарды сараптай келе, оның адам санасында қалай қалыптасатыны туралы мынадай қорытындыға келген :

а) адамның сезімталдық тәжірибесіне байланысты оның иіс сезу мүшелері арқылы қоршаған әлемді қабылдауы;

ә) адам санасында бар концептілер арқылы танымдық процестерді жүзеге асыру;

б) тілдік қарым-қатынас арқылы;

в) тілдік бірліктерді саналы тану арқылы;

г) заттық іс-әрекет арқылы [2, 406]. Осылай ой қорытқан ғалымдар концептінің құрылымдық компо-ненттеріне мынадай тілдік элементтерді жатқызады: бейне, ақпараттық мазмұн, интерпретациялық аумақ. Біз өз жұмысымызда көптеген ғалымдардың көзқарастарын саралай келе, концептінің құрылымдық компоненттерін шартты түрде ой-бейне, ақпараттық мазмұн, интерпретациялық аумақ деп бөлдік.

Әлемдік тіл біліміндегі көптеген ғалымдардың эксперименталды зерт-теулеріне сүйенсек, кез келген тілде ой-бейнелер ең алдымен жыл мезгілдерінің атымен, астрономиялық дене, мезгіл атауларымен, әр түрлі тұрмыстық заттар, жан-жануарлар, адамға қатысты туыстық атаулар мен дене мүшелерінің аттары, т. б. сол секілді басқа да атаулармен байланысты болып келеді. Мысал ретінде мынандай атауларды келтіруге болады: күн, ай, көгершін, аққу, ана, ата, жауын, жел, т.б. Негізінен концептінің құрылымындағы ой-бейне қазіргі лингвистикада кеңінен дамыған прототиптік семантикамен байланысты айтылады. Прототиптік ой-бейнелер – бұл концептіні бүтіндей көрсететін нақты, жарқын бейнелер (Мысалы, *қыз* – Айша бибі, Тұмар ханым, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова). Негізінен прототип термині - когнитивті лингвистикадағы маңызды термин-дердің бірі. Оған когнитивті лингвистика терминдерінің сөздігінде мынадай анықтама беріледі: «прототип – бір нәрсенің формасы, заттардың категориясы, категория не класс элементтерінің жалпы сипаты мен функциясына негізделген абстракциялық ұғым» [2,526]. Қазақ тіл білімінде Э.Оразалиева аталған когнитивті лингвистиканың терминіне мынадай анықтама береді: «Прототип ұғымы – белгілі бір өлшемдермен немесе параметрлермен тығыз байланысты анықталатын танымдық көрсеткіш. Оның негізінде арнайы топталатын белгілер, таңдалынып алынған өлшемдер жататындықтан, когнитивтік линг-вистика көлемінде бұл ілім прототиптер теориясы не болмаса прототиптік амалдар жиынтығы арқылы ұғынылады» [3,2806]. Сонымен прототиптік ой-бейне дегеніміз – белгілі бір топ мүшелерінің танымында қоршаған әлем туралы қалыптасқан көптеген стандартты ассоциативті бейнелер. Мысалы, қазақ халқының таным-түсінігінде ұлы ақын – Абай; ғұлама ғалым - Әл Фараби; киелі аспап – қобыз; қасиетті тау – Қазықұрт, т.б.

Концептінің құрылымындағы ой-бейне біркелкі емес. Ол біріншіден, белгілі бір тілде сөйлеушінің санасында қалыптасқан сезім мүшелерінің көмегімен берілетін бейнелер, яғни перцептивті бейнелер арқылы, екіншіден белгілі бір құбылыс не затқа сәйкес құрылған метафоралық түсінік пен концептуалдық метафора арқылы, яғни когнитивті бейнелер арқылы беріледі. Перцептивті бейнеге дыбыстық, сезімдік, иіс сезгіштік сияқты белгілер жатады. «Психология терминдерінің орысша-қазақша сөздігінде» «пер-цепция» деген терминге мынадай анықтама берілген: «перцепция дегеніміз – сезім органдарының ақиқат болмысты тікелей қабылдауы» [4,476]. Ғалым З.Д.Попова мен И.А.Стерниннің сөзімен айтатын болсақ, «Перцептивті ой-бейнеге көзбен көріп, дәмін татып, дыбысын еститін, иіс түйсігі арқылы ажыратуға болатын бейнелер жатады » [2, 766]. Мысалы, өткір пышақ, алмас қылыш, ақ қайың, қызыл алма, тұнық су, тәтті тіл, т.б. Ал «Қыз» концептісіне байланысты мынадай перцептивті ой-бейнелерді атауымызға болады. Мысалы, қыпша бел, аршын төс, алма мойын, бал ерін, жұпар иіс, қолаң шаш, ақ маңдай, бота көз, пісте мұрын, қиғаш қас. Белгілі қазақ ақыны М.Жұмабаев өзінің «Қазақ қызына әзіл» өлеңінде қазақ қызының бейнесін суреттеуде перцептивті ой-бейнені тамаша жасаған.

Шолақ айдар, шөп желке,

Бауырсақ мұрын, бүйрек бет,

Былқ-сылқ етіп жүргенде,

Ойламайсың ба үйрек деп?! [5,1046].

Когнитивті ой-бейнелерді перцептивті ой-бейнелерге қарағанда, ажырату өте қиын. Бірақ олар көп болғандықтан, концептінің құрылымдық компонентінде маңызды рөл атқарады. Олар концептінің құрылымына кіретін негізгі когнитивті белгілерді айқындау үшін қолданылады. Когнитивті ой-бейнелер материалдық дүниеге абстрактілі концептілерді жеткізеді. Мысалы, ғалым М.В.Пименова өз еңбегінде адамның ішкі жан дүниесінің абстрактілі концептілерінің мазмұнын беру үшін концептуалды метафораларды пайдаланған. Ол көркем мәтінді пайдалана отырып, «орыс мәдениетіндегі жан концептісін үй концептуалды метафорасы арқылы берген (в чужую душу можно проникнуть как в чужой дом)» [6,3516]. Мұндай метафоралар когнитивті сезімдік-бейнелілік ой-бейне жасайды, ал осындай бейнелер концептіні нақты мазмұнмен толтырып, адам танымында бекем орнығуына көмектеседі. Концептінің мазмұнын ашуда мұндай когнитивті ой-бейнелер концептінің құрылымын құрайтын негізгі когнитивті белгілерді айқындап береді. Сол себепті тіл білімінде когнитивті ой-бейнелер концептуалды метафоралар арқылы да беріледі.

Жалпы концептуалды метафора – концептіні танудың үлгісі. Ол тілімізде жаңа ұғым-түсініктерді жасай отырып, адам санасында жаңа білімнің қалыптасуына әсер етеді. Қазіргі кезде тіл білімінде метафора танымдық құбылыс ретінде ғана емес, тіліміздегі абстрактілі ұғымдарды нақтылап анықтауға көмектесетін когнитивті бірлік ретінде де танылып отыр. Сол себепті ғалымдар (Н.А.Арутюнова, В.Телия) оны адамдардың әр түрлі тілдік тұлғалар мен объектілер арасындағы қатынасты өрбітетін бірлік ретінде танып отыр. Ал қазақ тіл білімінде Б.Хасанұлы : «ойды сезім дүниесіне әсер ететіндей нәзіктікпен жеткізудің жолы» [7, 156],- деп айқындай түседі. Ал Э.Оразалиева: «Метафоралану процесі адамның бойындағы образды ойлауға, оның шығармашылық қабілетіне тікелей қатысты болғандықтан, адам бейтаныс әлемді қабылдап қана қоймайды, сонымен қатар нақты және абстрактілі объектілер арасындағы ортақтық белгілерді есепке ала отырып, әр алуан сезім мүшелері арқылы заттарды танып айқындау мүмкіндігіне де ие болады. Демек, метафоралану кездейсоқ жүзеге асатын үдері қана емес, ол белгілі бір объективті және субъективті заңдылықтар мен факторларға бағынған өзгешілік болып табылады»,- деп ой қорытады [3, 2846]. Біздің ойымызша, концептуалдық метафора дегеніміз – когнитивті лингвистикадағы затты не құбылысты өзіне ұқсас өзге затқа балап, ерекше ақпарат беретін, адамның танымында қалыптасқан білімді сұрыптайтын күрделі когнитивті бірліктердің бірі. Сондықтан концептуалдық метафоралар тілдегі концептілерді нақты бейнелілік мазмұнмен тілдік тұлға санасында бекітілуіне ықпал жасайды. Мысалы, қазақ ақындары М.Мақатаев Т.Айбергенов, Ф.Оңғарсыновалардың поэзиясында «Қыз» концептісіне қатысты когнитивті бейне жасауда концептуалдық метафоралар жансызды жандыға теңеу арқылы керемет қолданыс жасаған:

Қыз – көктем ауылдағы өлең-жыр,

Өзіл-күлкі ауыл маңы толған сыр...

Алатаудың асқарына күннің нұры шашылды,

Қыз- тіршілік, міне тағы мойныға асылды. (М.Мақатаев)

Ағаш өңі солғындап,

Ұшып түсті қыз жапырақ.

(Т.Айбергенов)

Қыз көктем, сырлы-сиқыр, ақын көктем,

Жақсы еді, жомарт еді,

Жаның неткен!

Жыр арнап аруларға көктем сынды,

Кетіпсің ақындарға жақын боп сен (Ф.Оңғарсынова).

Келтірілген мысалдарға қарап, біз тіліміздегі көптеген концептілердің құрылымында кездесетін ой-бейне секілді когнитивтік бірлікті талдауға тырыстық, яғни осындай талдаулар арқылы біздің ұлттық санамызда қалыптасқан концептінің басқа да құрылымдық компоненттерін (акпараттық мазмұн, интерпретациялық аумақ) толық анықтауымызға әбден болады.

Әдебиеттер:

1. Маслова В. Когнитивная лингвистика. - Минск, 2004.
2. Попова З.Д., Стернин И.А., Когнитивная лингвистика. - Москва. 2007.
3. Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. - А., 2007.
4. Психология терминдерінің орысша-қазақша сөздігінде. - Алматы. 1977.
5. Жұмабаев М. Шығар-малары. II-том. - Алматы. 2003.
6. Пименова М. Когнитивизм и лингвистическая теория//Язык и структуры представления знаний. - Москва, 1992.
7. Хасанұлы Б. «Қазақ тілі»тұжырым: пайымдаулардағы көрі-нісі. - А., 2008.